



18+

газета издается с 26.06.2004 года

# ПРИОЗЕРСКИЙ

№ 23/719

11 июня 2021 года

# Вестник

Мемлекеттік қызмет – абыройлы міндет!

Баспасөз хабарламасы

## МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕРДІҢ ӘДЕПТІЛІГІНЕ ҚАТЫСТЫ

Мемлекеттік қызметтің негізгі түп мағынасы – үлкен жауапкершілікті жүктейтін әр салада, әр деңгейде халыққа қалтықсыз көрсетілетін қызмет.

Мемлекеттік қызмет, әрқашан да мемлекет қаражат қорынан қаржыландырылып, мемлекеттік қызметшілердің еңбекақысы мен шығындары бюджеттен өтелетіні және қажет болған жағдайда арнайы баспанаға, ғимаратқа орналастырылып, өздеріне жүктелген өкілеттілікті атқаруға қажетті арнаулы керек-жарақпен жабдығалып, мемлекеттік қызметкердің айрықша мәртебесі бар екені белгілі. Айтпақшы, Қазақстан Республикасында мемлекеттік қызметшілердің мәртебесіне байланысты бірқатар заңнамалық тәртіптер енгізіліп, оларға шектеулер мен міндеттер жүктелген. Бүгінгі күні информациялық технологиялар дамыған заманда мемлекеттік қызметші-

әдепсіз мінез-құлығы қоғам тарапынан біраз сын туғызған болатын. Әрине әдепсіз мінез құлық көрсеткені үшін қызметші жазаланады, бірақ оның әрекеттері қоғамның мемлекетке деген сеніміне кері әсерін тигізетін сөзсіз. Яғни, бір қызметшінің әрекеті жалпы мемлекеттік аппаратқа сын туғызары.

Сонымен қатар, кейбір қызметшілер мемлекеттік бюджетті тегін ақша табу көзі ретінде, қолына тиген мүмкіндікті пайдаланып қалуға тырысатындар әлі де болса, тіптен, жиі кездесетіні аландаушылық туғызатыны заңдылық.

Осы жағдайларды ескере келіп, нақтырақ айтсақ мемлекеттік орган басшылары мемлекеттік қызметке кандидатты қабылдаған кезде мемлекеттік қызметшілердің білім мен тәжірибесімен қоса әдептілік бейнесіне де назар аудару керек екенін естен шығармауымыз керек.

Адамзат тарихынан білетініміздей халық дәстүрлі дүниетанымында әдепке ерекше мән беріп келеді. Ғұлама тұлға Әбу Наср әл-Фараби де әдепті әрбір жеке тұлғаның рухани байлығы деп атап көрсеткен. Сондықтан адамның ең бір жақсы бейнесі ол жауапкершілік, сабырлық және адамгершілік екені белгілі. Осыған орай, аталған қасиеттер мемлекеттік қызметкерде болу қажет деп есептеймін. Осы кезде Алихан Бөкейханның «Ұлтқа қызмет білімнен емес, мінезден» деген сөзі еске келеді. Алайда, жоғарыдағы әкімнің БАҚ-тың өкіліне көрсеткен әрекеті мінез-құлығы бір адамға ғана емес, оның қоғамға деген әдепсіз мінез-құлығын көрсетеді.

Бұдан бөлек, Мемлекеттік қызметшілер қоғам тарапынан айтылатын сынға себепкер болмауы тиіс. Өз кезегінде, БАҚ қоғамның бір бөлігі бола отырып, мемлекеттік қызметшіні теріс жағынан көрсетуге мақсат қоймайды, себебі ол қандай да бір ақпаратты шынайы түрде көрсетуге мүдделі.

**Берік Смағамбетұлы Дүйсегаев,**  
**«Қазақстан» телерадиокорпорациясы**  
**АҚ-ның Қарағанды облыстық филиалының директоры,**  
**Қарағанды облысындағы Әдеп жөніндегі кеңестің мүшесі**



лердің әрекеттері үнемі қоғамның назарында екені белгілі. Сондықтан кәсіби мемлекеттік аппарат қалыптастырып, оның тиімді жұмыс жасауы үшін аталған талаптарды мінсіз сақтап, орындаулары міндетті.

Мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексіне сәйкес мемлекеттік қызмет атқару қоғам мен мемлекет тарапынан ерекше сенім білдіру болып табылады және мемлекеттік қызметшілердің моральдық-әдептілік бейнесіне жоғары талаптар қояды.

Осыған қарамастан, өкінішке орай, мемлекеттік қызметшілерінің әдеп нормаларының талаптарын сақтамау әлі де жалғасуда, оған дәлел ретінде БАҚ-та жиі жарияланатын ақпараттарды айтуға болады.

Мысалы өткенде ғана бір қаланың әкімінің БАҚ өкіліне сұхбат беру кезіндегі

## ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНДА ҰЛТТЫҚ ХАЛЫҚ САНАҒЫН ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ ҮШІН 2600-ГЕ ЖУЫҚ АДАМ ТАРТЫЛАТЫН БОЛАДЫ

Жалпы Қарағанды облысы бойынша 2021 жылы халық санағын дайындау және өткізу үшін 2600-ге жуық адам тартылатын болады, бұл - халық санағын дайындау және өткізу жөніндегі штаттан тыс бөлімнің мамандары, өңірлерде ұлттық санақтарды дайындау және өткізу бойынша нұсқаушылар (уәкілдер), нұсқаушы-бақылаушылар, интервьюерлер.

Облыстық статистика департаментінде ағымдағы жылдың наурыз айынан бастап ұлттық санақтарды дайындау және өткізу бойынша құрамы 6 қызметкерден тұратын штаттан тыс бөлім құрылды, оның функциялары халық санағын дайындау және өткізу бойынша іс-шаралар жоспарын іске асыруды ұйымдастыру, уақытша персоналдың жұмысын бақылау және басқалар.

Облыс өңірлерінде ағымдағы жылдың 4 мамырынан 30 қарашасына дейінгі кезеңде санақ бойынша 73 уәкіл тартылады. Уәкілдердің міндеттерін дайындық іс-шараларын өткізу, санақтың өткізілуін БАҚ-та жариялауды ұйымдастыру, іріктеу бойынша жұмысты ұйымдастыру, уақытша санақ персоналын оқыту және жұмысын үйлестіру, санақ аудандастыруды жасауды қамтамасыз ету (нұсқаушы, тіркеу және есеп учаскелеріне бөлу), халық санағын жүргізуге қатысу кіреді.

Санақтың дайындық кезеңінде 25 мамырдан 8 шілдеге дейін 80-дей нұсқаушы-бақылаушы және 1-30 маусым аралығында 570-ке жуық интервьюер тартылады. Негізгі кезең үшін 24 қыркүйекпен 7 қараша аралығында 240 нұсқаушы-бақылаушы және 1-30 қараша аралығында 1700 интервьюер жалдау жоспарлануда.

Санақ қызметкерлерімен ақылы қызмет көрсету бойынша шарттар жасалатын болады. Интервьюерлердің жұмысына ақы төлеу толық көлемі кезінде дайындық кезеңінде 1200 тұрғын үйдің және тұрғын емес үй-жайлардың орташа жүктемесі кезінде 83 мың теңгені құрайтын болады. Негізгі кезеңде интервьюер үй шаруашылығындағы санақ адамның орташа жүк-



темесі 833 болғанда шамамен 104 мың теңге алады. Санақтың екі кезеңінде нұсқаушы-бақылаушылар барлық жұмыс кезеңі үшін шамамен 125 мың теңге төлей отырып, 45 күнге тартылатын болады.

Өтеулі қызмет көрсету шарты бойынша уақытша жұмысқа 18 шастан асқан, бастамашы, жауапты, тез тіл табысатын, жоғары, техникалық және кәсіптік (орта арнайы), ортадан кейін, жалпы орта білімі бар, жұмыс өтіліміне талап қоймайтын, компьютерлік құрылғыларда жұмыс істеу дағдысы бар Қазақстан азаматтары тартылады.

Санақ персоналын іріктеуді Статистика департаментінің арнайы комиссиясы жүзеге асырады. Жұмысқа орналасу мәселелері бойынша статистика департаментіне және аумақтық статистика басқармаларына хабарласуға болады. Конкурстық қатысу үшін түйіндемелік Департаменттің электрондық мекенжайына [statkrg@aspire.gov.kz](mailto:statkrg@aspire.gov.kz) және оның аумақтық бөлімшелерінде қабылданады. Қызметкерлерді қабылдау туралы толық ақпарат Департаменттің [www.stat.gov.kz/Region/Karagandinskaya](http://www.stat.gov.kz/Region/Karagandinskaya) сайтында және Facebook ([www.facebook.com/Statistika.krg](http://www.facebook.com/Statistika.krg)), Instagram ([Instagram.com/department\\_statistiki\\_krg/](https://www.instagram.com/department_statistiki_krg/)), ВКонтакте ([vk.com/id447738530](https://vk.com/id447738530)) әлеуметтік желілерінде орналастырылған.

Дерек-көз: [www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz)

## СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕС – БАРШАМЫЗҒА ОРТАҚ ІС

Сыбайлас жемқорлық – мемлекетті ішінен жоюдың бастамасы, және ол жетістіктерді жоққа шығаратындығы, ұлттық қауіпсіздікке қауіп-қатер әкелетіндігі күмәнсіз. Сондықтан да Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының негізгі басымдықтарының бірі болып осы зұлымдықпен күресу болып табылады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүргізу дегеніміз – бұл мемлекетте тұрақтылықты қамтамасыз етудің қажетті шарты деп айтқан екен кезінде Аристотель ғұлама. «Кез келген мемлекеттік құрылыстағы басты нәрсе – бұл заңдар өзге де күн тәртібінің жәрдемі мен істі лауазым иелері баю жолына түсіп кетпейтіндей етіп ұйымдастыру. Жалпы жұртқа ортақ пайда келуін ойластыратын мемлекеттік құрылыстар ғана әділ, дұрыс болмақ», - деген екен ежелгі ойшыл ғалым.

Әрбір қоғам дамуының күнегей жағымен көлеңкелі тұсы да қатар жүретіндіктен елдің әлеуметтік хал-ахуатын жақ-

сартып, экономикалық жоғары даму деңгейіне жетуді, халқымыздың демографиялық өсіп-өнуін көздеген шаралар жасалынып жатқан кезде, алға басқан қадамды кейін тартып, дамуымызға тежеу болып отырған сыбайлас жемқорлықпен күресті күшейту – әрқайсымыздың азаматтық борышымыз болып табылады.

Әлемнің көптеген елдері секілді, біздің мемлекетіміз де сыбайлас жемқорлықтың алдын алып, оның тамырына балта шабуға бағытталған мақсатты жұмыстар жүргізіп келеді. Қазақстан – бұрынғы кеңес Одағы аумағында сыбайлас жемқорлыққа қарсы қолданылатын заң қабылдап, осы мәселе жөніндегі халықаралық конвенцияларға қосылған алғашқы мемлекеттердің бірі болып отыр.

Экономикалық және қоғамдық негіздерін жаңғырту, түбегейлі өзгертулер тұсында сыбайлас жемқорлық қашан да қоғамға қауіп төндіретіндей дәрежеге көтеріледі. Мұндай кезеңдерде жемқорлық-тың

шабуылын жеңілдететін мәселелер – экономиканың құлдырауы, азаматтық қоғамның билікке тәуелділігі, мемлекет институтының тиімсіздігі, заңнамалардың пәрменсіздігі тереңдей түседі. Сөйтіп, сыбайлас жемқорлықтың тамырына балта шабуға кірісу алдында оны туғызатын әлеуметтік – экономикалық жағдайларды барынша азайту қажет. Жемқорлыққа қарсы әрекет етудің, оның көріністерімен күрес жүргізумен аяқталмайтынын ұғыну аса маңызды. Мұндай күрес қашан да қоғам мен мемлекет өмірінің барлық жақтарын реттеп отырумен тығыз байланысты. Осыдан келіп, жемқорлардың өз күштері арқылы жемқорлықпен күрес жүргізуі барып тұрған мағынасыздық деген келесі қорытынды туындайды.

Сыбайлас жемқорлықпен күресті жеке қарау мүмкін емес. Сыбайлас жемқорлық қылмыстары әлеуметтік тұрғыдан пайда болғандықтан, оны болдырмау мен алдын алуды барлық мемлекеттік мекемелер

Жемқорлық – жегікұрм!

қамтамасыз ету қажет. Приозерск қалалық қазынашылық басқармасында да бекітілген Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралар жоспары бойынша жұмыс жүргізілуде. Тұрақты түрде семинарларда қызметкерлер бірігіп сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы оқып тұрады. Басқармада сенім телефоны бар. Абырой болғанда, неше жыл бойы сенім телефонына түскен шағымдарды тіркейтін журналда бір де бір телефон шалу тіркелген жоқ. Азаматтардан, заңды тұлғалардан мемлекеттік қызметкерлердің атқарып отырған жұмыстарына шағым түскен жоқ.

Сыбайлас жемқорлықты болдырмау мемлекеттік қызметкерлердің мәселесі ғана емес - бүкіл Қазақстандықтардың азаматтық борышы. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» дегендей, кез-келген азамат соған ат салысса, сыбайлас жемқорлықты түбірімен жоюға болады.

**З.Е. Дүйсенова,**  
**Приозерск қалалық қазынашылық басқармасы басшысының орынбасары**



## ТАУЕЛІБАЙДЫҢ ТАРЛАНЫ



Нұрғали Қыдырмұратұлы Қарабеков Өзбекстанға қарасты Тауелібайда туып-өскен және журналистика саласы мен ақындар арасынан шығып, шығармашылықта өз орнын тапқан азаматтардың бірі. Мен Нұрғалиды көп жылдардан бері жақсы танымын әрі замандаспыз. Қалалық ішкі істер бөлімінде қызмет етіп жүргенде ол біздің бөлімге жиі келіп, ішкі істер саласының қызметі, ондағы жаңалықтар, өткізілген мәдени-көпшілік ішаралар туралы ақпараттар мен мақалаларды газетке жазып тұратын. Кейін мен зейнетке шығып, «Приозерский вестник» газетіне редактор болғаннан бастап, ол арнаулы тілші ретінде қызметтес болып келеміз. Сондықтан Нұрғали Қыдырмұратұлы жайында біраз мағлұматтардан хабардармын.

Нұрғалидың әкесі Қыдырмұрат Қарабеков мемлекеттің орден, медальдарымен марапатталуымен бірге мал шаруашылық саласында бұрынғы КСРО-ның 15 одақтас республикалар арасында №1 Мемлекеттік сыйлығының лауреаты. Қызылқұмда 50 жыл аянбай еңбек етіп, қыстың суығына тоңып, жаздың аптапты ыстығына күйіп еңбек етудің арқасында осындай жетістікке жеткен адал да, еңбеккер тұлға. Ауылдастарының барлығының ішкі ойлары «Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» - дегендей, Нұрғали әке жолын қуар деген ой-пікірде болғаны рас. Алайда оның ақындық жаратылысын ешкім де білмеген, сезбеген болуы керек. Оның жастайынан ақын, журналист, қаламгер болуды армандағанын біз айқындап, талдап көрейік.

Оның бастамасы нағашы әжесі Анарша, анасы Қалдығүлден бастау алып жатыр. Әжесінің жатқа айтқан жыр-дастандары мен шежіре-әңгімелерін, қызықты ертегілерін тындап өскен ол, әріп танымаса да әртүрлі кітапты алып парақтап, анасынан әріп үйретуді өтініп, кейіншелік алты жасында тұтас әліппенің әріптерін жаттап алып, өзі оқи бастаған. Үлкендердің барлығы өз шаруасымен жүргенде үйдегі анасымен бірге жыр-дастандар мен бүлдіршін-бөбектерге, жеткіншектерге арналған жұмбақтар мен тақпақ, өлеңдермен танысады. Мектепке баратын сәт те ұзақ емес еді. Оқыған, жаттаған өлеңдері, жырлары жалпы дүниетанымна үлкен үлес қосты. Мектепке де барды, білімге бар күш-жігерін салып, әжесінен есіткен, есте сақталып қалған жырлар, анасымен бірге оқыған, жатталған тілашар өлеңдері үлгерімге, басқа оқушылардан үздік болуына жол ашты. Алтыншы сыныпқа қарай шимайлаған өлеңдерінің бірінші қатарларын жазып, оны ешкімге көрсетпей тығып, сабақтан бос уақытта, түнде ұйықтамай, тәрбиеші-мұғалім біліп қоймайтындай етіп өзінің жеке поэзиясына қадам басты. Ақындық дарыны мектеп-интернаттыңда оқушы шағында басталғанын ұстаздары біліп, газетте жарық көрмесе де, мектептегі қабырға газетінен оқып, мерекелерде өлеңдерін тындап бастаған. Өзінің жазған өлеңдеріне көңілі толмай, болашақ ақын қайта-қайта өңдеп, өзгертіп, жөндеп, өшіріп, қайта жазып, жаңа нұсқаларын жыр дәптеріне қосып отырған. Ең бірінші өзінің ата-анасының, достарының көңілінен шығатын өлеңін жетістікке балап, бақытты еткен, өзгертусіз, қалам-қағазсыз аттың үстінде тұрып, жадында жаттап, кейін қағазға түсірілген тұңғыш өлеңі Қызылқұмның хош иісі аңқыған, дархан даласында дүниеге келген «Қыз-көктем» және «Анама» балғын жырлары еді. Тұңғыш өлеңі сол кездегі

Тамды аудандық «Социалистік шаруашылық» газетінің бетінде жарық көргенде өзі биік таудың шыңына қарай өрмелеп, қиналып, шаршап шығып, ақындық қиын өнердің табалдырығынан аттағанда ақындық дарын қонғанына жаратқанға ризашылығын білдіріп, қуанышын жасыра алмай, баршаға ақтарып жеткізуге тырысқан.

Жас ақынның жазып, еш жерде жарияланбаған қолжазбаларын баспасөз бетінен әдеби қазынасын шығаруды ойластырамын дегенше мектепті де бітірген. Сосын Самархан шаһарындағы зооветке оқуға қабылданды. Үш жылдан кейін әскер қатарына шақырылып, Ресейдің Ижевск қаласына түсті. Тәртібі катал, тек бұйрықпен жүріп-тұратын әскери өмірдің қатаң тәртібіне қарамастан, өзінің ғажайып мінезімен, командирлермен түсіністікпен қарым-қатынас жасап, өзін еркін ұстап, бос уақытында жалынды жырларын жазып, оқырманға сыйлап отырды. Әскерде жүргеніне аудандық газетке әртүрлі тақырыпта жаңа туындыларын жібере отырып, өзінің жан-жақты, рухани бай, келешекте газетке



қалтқысыз қызмет ететін жақсы журналист, жан-жақты қаламгер бола алатынын танытуды жалғастырған. Оның ақындық дарынын жерлестері қадағалай отырып, үлкен үміт күткен. Редакциядағы қызметкерлермен ойласа отырып, «Социалистік шаруашылық» газетінің редакторы Қ.Шотбаев жас ақынның еңбек қадамын газеттен бастауын қарастырған. Нұрғали әскерден орала салысымен жергілікті басылымға жұмысқа тұрып, тәжірибелі, білікті әріптестерінен тағылым алады. Өз жұмысын еркін игеріп қоймай, жыр алыптарының шығармаларын, пікірлерін, сын мақалаларын, бай әдеби мұраларын, жазбаларын оқып, Нұрғалидың ендігі жерде білімін жетілдіру мақсатындағы өмірінің кезекті бір баспалдағы – білімін жетілдіру және журналистика саласының дипломын алу болды.

Алғашқы жылғы талпынысында Алматы оны жақсы қарсы алмады. ҚазМУУ қабылдау комиссиясының мүшесі оны менсінбей, орыс тілінде қарсы алып, «қызылқұмдық көкірегімізді ешкім қайтармаған» дейтін жігіт күш мәдениетінің дипломатиясына тап болды. «Біз Өзбекістанда туып өсек те, өз ана сүтімен дарыған қазақ тілінде жазып, сөйлеп, тәрбиеленген ұрпақпыз, біз еркін, ерке, өзгеше, абыройын, әдет-ғұрып, салт-дәстүрін сақтап жасап жатқан елміз. Дегенмен, енді бұдан-былай келген жұмыстары оңтайлы болу үшін, басқа жоғары дипломатияға өтуге тура келеді» деп ойлаған ол университет басшыларының алдына кіріп, қазақтың дәстүрлі, шешендік дипломатиясына көшті. Үлкен үмітпен келген ол деканның алдына ана тілінде сөйлесіп, олардың шартымен келісімге келген. Декан өз қолымен келесі жылы газетте екі жыл өтілі бар журналистерді жеңілдіктермен қабылдайтынын жазып берді. 1987-жылы қайтадан журналистика факультетіне екі жылдық еңбек өтілімен бірнеше қыз-жігітпен бірге желтоқсан оқиғасынан кейін келгенде барлық жағдай өзгерген екен. Орыс тілінде сөйлеген, қазаққа менсінбеушілік танытқандар жоқ, қызмет бабындағылар

өте мәдениетті, талапкерлерге көзқарас, аура мүлдем ерекше болды. Олар осы сәтте өзін толық адам, азамат ретінде өзінің тарихи Отанына келгенін сезініп, қайтадан бауырларымен табысқанына барынша қуанған. Бұл туралы шетелден келген жастар деканға ұсыныс-тілектерін, рахмет-ризашылықтарын айта кіргенде ағынан жарылған. Осылайша ол ҚазМУУ-нің журналистика факультетін үздіктер қатарында бітіріп, аудандық газетте сегіз жыл жауапты хатшы қызметін атқарды. Өлең-жырлары аудандық, республикалық газет-журналдарда жарияланып тұрды...

Кеңес Одағы тарағаннан соң ол алғашқылардың бірі болып тарихи Отанына көшуге бел буды. Алғаш Алматы қаласына отбасымен көшіп барып, халықаралық «Азия» газетінде қызмет етті. 1995-жылы Приозерск қаласына келгеннен кейін сол кездегі қала әкімі С.М.Медеубаевпен келісімге келіп, Өзбекстанның Науаи облысы Тамды ауданынан көшті ұйымдастырудың басында болды. Көшіп келген жерлестеріне жұмыс тауып беріп, үйлі-

өнерді, мәдениет пен тарихымызды жақсы білуінде. Ол Қызылқұмға Жалаңтөс сарбаздарының қашан келгенінен, Қоржынтүбектің қазаққа, Кенесарының бас батыры Ағыбайдың әскеріне қалай қорған болғанына дейін біледі. Оны «Қоржынтүбек – құт мекен» атты кітабынан оқуға болады. Нұрғали халқының, елінің қайсыбір ауыр жүгін көтере алады, ол елі үшін қызмет етуге әрқашанда дайын. Оның тағы бір ерекшелігі, мүмкін ол өзінің 40 жылға жуық журналистикамен айналысқандығынан болса керек, қаншама сұхбаттас болған қаламгер, ақындарды және олардың шығармашылықтарын жақсы білуінде. Оқырман қауымына өзінің «Туған жерім – тұғырым» немесе «Көңіл күнделігі» жыр кітаптарындағы өлеңдері мен «Қоржынтүбек – құт мекен» кітабындағы мақала, очерктермен танымал болған Нұрғали туралы ҚазМУУ-дың мұғалімі Мамытбек Қалдыбаев: «Мен үшін Нұрғали бір ерекше журналист, қаламгер. Оның жазған дүниелері жөнделмейді, өңделмейді, өзгертілмейді, ол материалдарын жалған қиялдан есерлі етуге келісім де бермейді. Себебі оның жазғаны тек шындық, ақиқат, нақты фактілерден тұратын тарихи оқиғалар, құлақпен есіткен емес, өз көзімен көргені», - деген екен.

Қазір Нұрғали Қыдырмұратұлының өмірбаянынан басқа да айтар болсақ, ол бүгін жақсы адам, әділ дос, үлгілі отағасы, еліне жырларын сыйлаған ақын, туып-өскен тарихын іздестіруші, насихаттаушы қаламгер, ұрпақ тәрбиесінің ұстазы, қазақ халқының патриоты, адамгершілік пен ұлттық дипломатиясын бойына сіңірген адал, жауапкершілікті азамат, журналистика мамандығын еркін игерген осындай азаматтарымыздың жақсы мінездерінің жаратылысын, үлгілі, тәрбиелілігі мен мәдениетін көріп, байқап, сезініп, сүйсінеміз. Өзінің барлық жеңістері мен жетістіктеріне 60 жастың асқарына шыққан ақынымыз төрт адамға өмір бойы риза екендігін айтады. Олар – ата-анасы мен нағашы әжесі Анарша және журналистикаға алып келген өмірлік ұстазы Қайыпназар Шотбаев. Нұрғали ақын бүгінгі таңда жары Ұлзирамен кеуі 3 ұл, 1 қызынан немерелер сүйіп отырған ата-әжелер. Ол өткен өмірі үшін ешқашан өкінбейтін, сүйікті мамандығынан ләззат алатын, өлең-жырды өмірлік серік еткен және өзін бақытты санайтын жайдары да, ақкөңіл жан.

ҚР журналистер одағының мүшесі, ақын Н.Қыдырмұратұлы облыс әкімінің «Тіл жанашыры» байқауының «Тіл жаршысы» аталымы бойынша лауреаты, бірнеше жыр мұшәйраларының жеңімпазы, облыс және



өлеңдері, мақала, очерк, ақпараттары жарияланып тұрды. Жас ұрпақтың жанашыры ретінде оларға жыр кештерін өткеріп, өзінің лирикалық жырларымен олардың ой-өрісін кенейтіп, рухани байлығын дамытып, тату-тәтті өмір сүруге, адамгершілікке шақырады. Ол халқының, елінің, жерінің тағдырына көп алаңдады. Приозерск мен Сарышаған кенті жастарының арасындағы келіспеушіліктердің де басы-қасында болып, оларды ауызбіршілікке шақыруда екі елдімекенге рухани елші болуға да қатысты. Нұрғалидың басқалардан өзгешелігі – тек ақындығында емес, оның әдебиет пен

қала әкімінің Құрмет грамоталары мен Алғыс хаттарының иегері. Қаладағы біраз қоғамдық жұмыстардың белді мүшесі. Алпыстың асқарына шығып отырған әріптесімізді мерейлі жасымен құттықтаймыз және алдағы өміріне зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, шығармашылық табыс тілейміз!

Бегазы КЕНЖЕБЕКОВ,  
«Приозерский вестник» газетінің бас редакторы





# А Қ Ы Н Д О С Қ А А Қ Т І Л Е К !

Журналист, ақын  
Н.Қ.Қарабектегі 60 жаста



Журналист, ақын Нұрғали Қыдырмұратұлымен біздің таныстығымыз құт мекеніміз Приозерск қаласына (Қоржынтүбек) көшіп

келіп, қоныстанған жылдары басталды. Кітап, газет-журналды үзбей оқитын болғандықтан, бұл жағынан екеуіміздің қауазайтын, ой-пікір бөлісетін ортақ тақырыбымыз да жетіп-артылатын. Қоғамда, облысымыз бен қаламызда болып жатқан жаңалық, хабарларды оқып, талқылауға асығатынымыз да бізді жиі кездесуге итермелеп тұратын. Оған қоса мен «Сарғай батыр» тақырыбында ғылыми еңбек жазған кезімде одан кәсіби маман ретінде жазғандарымды редакциялап беруді өтінгенім бар. Сол кезде тіпті жиі кездесіп, ойласып-кеңесу арқылы кітаптың мазмұнды шығуына өз үлесін қосты.

Тауелібайдың тарланбоз ақыны Нұрғалимен таныстығымыз, шығармашылық байланысымыз жылдан-жылға нығая түсуімен бірге, адал да, сенімді достыққа ұласты. Қуаныш-қайғымыз ортақ болды. Осы кезеңде өзі ақын, өзі журналист Нұрғали

Қыдырмұратұлының кісілік кел-бетіне, адамгершілік қасиетіне, адам бала-сын жатырқамайтын ізгі ниетіне, ұлтжандылығы мен ұлттық құндылықтарды қатты бағалайтын және терең білетіндігіне риза болдым. Ол ұлттық мүддеге құрылған мақалалары арқылы қалың оқырмандарына кеңінен танылды және әрбір жазған дүниесін жас ұрпақты тәрбиелеуге арнады.

Ақындық Алладан берілетін сый, дарын, қабілет. Бұл ретте Нұрғали шоктығы биік, жырлайтын тақырыбы да сан-алуан, барлығына ақын көзімен қарап, азаматтық ойын ашық айтады. Өлең-жырын жазғанда ешкімнен жасқанбайды, жағымпазданбайды, мәймөңкелемейді, өз ойын ашық айтады. Оқырманға осындай ойлы жырлар керек-ақ! Осы жағынан келгенде Нұрғали ақындық парызын адал атқарып келеді. Өзіндік көзқарас, өзіндік пәлсапа, өзіне тән ой түйіндеу ақын қаламының айнымас,

адастырмас темірқазығы іспетті. Домбырасын шерте отырып шығарған өлеңдері адамның көңіл қылын тербейді.

Бойында ақындыққа тән қадір-қасиетің тұрғанда сенің жүректен шығар жырларыңның сарқылмасы анық. Осы өлең-жырларың мен жазған дүниелеріңнен бақыт тап, досым! Өмірлік жарың Ұлзира екеуің үлкен әулеттің арқасүйері болып отырсыңдар. Екеуіңнен тараған ұрпақтар арасынан жолыңды жалғар ақынның шығарына кәміл сенемін.

**Асқаралы 60 жасың құтты болсын!  
Алпыстан алшақ басып, жетпістен желіп, сексеннен секіріп, тоқсаннан тоқталмай, жүзге жетуіңді тілеймін!**

Жолмұрат Кеңесұлы КЕҢЕСОВ,  
мемлекеттік архив директоры

Дана халқымыздың айтуынша, емен ағашы жуан, жапырағы қалың болғанына қарамастан, дауыл тұрса тамырымен қопарылып, құлан қалады екен. Ал қайың ағашы болса, жіңішке, нәзік болғанымен, қатты дауыл кезінде сәл ғана майысып, дауылдан соң бойын қайта тіктеп, жапырақтарын күн нұрына малындырып жайқалып тұратын көрінеді.

Алпыс жасқа толып отырған туған күн иесі Нұрғали да осы қайың ағашы тәріздес жіңішке, әрі нәзік көрінгенімен – өмірде де, қызметте де басына қандай қиын іс түссе де жасымаған, бағы жанса тасымаған, тіршіліктің қандай ауыртпалықтары болса да, қиын кезеңдерін көрсе де мойымай, күресе білген азамат, мықты қызметкер, аяулы жар, ардақты әке және айнымас адал дос десек қателеспеспіз.

## Қ А Й Ы Н С Е К І Л Д І А Қ Ы Н

**Құрметті Нұрғали Қыдырмұратұлы!**  
Алдағы өмірде де абыройың артып, еңбегің жана берсін!

Ұрпағыңның қызығын көріп, туған туыс, дос-жарандарыңның ортасында сыйлы болып, бақытты ғұмыр кеше беруіне тілектеспіз!

### АҚЫНДАР КЕРЕМЕТТЕН ЖАРАЛАДЫ

Ақындар кереметтен жаралады,  
Ақындар сұлулықтан нәр алады.  
Өмірдің құлан өтпес өткеліне,  
Басқа емес, тек ақындар бара алады.

Ақындар адамзаттың ары-сынды,  
Бағалар табысыңды, әр ісінді.  
Жүрегінді жырменен тебентесе,  
Өмірде ақындардың бары шынды.

Ақындар - абзал жандар, азаматтар,  
Өмір-көкпар, ал олар-қазанаттар.  
Жабырқаған жаныңды жадыратып,  
Жүректерге суыған жағады оттар.

Жырларыңнан түгіліп жан шуағы,  
Әр шумақтан мөддіреп ән туады.  
Адамзатқа адасқан жөн сілтейтін,  
Мына өмірдің, ақындар-шамшырағы!

Ақындар ақ көңілді, асқақ жандар,  
Әр таңы жыр-нөсер боп басталғандар.  
Жайсаң жаны ақынның жай табады,  
Орындалса ойдағы жақсы армандар.

Жылдар жылжып, өмір де жанарады,  
Жыр-нөсерден, жыр-көңіл тазарады.  
Әлемдегі ізгілік, жан шуағы,  
Ақындардың жырынан таралады.

Сан азабын тағдырдың тартсадағы,  
Рухы ақындардың асқақ әлі.  
Мына өмірге адамның құштарлығы,  
Ақындардың жырынан басталады!

Құрметпен,

О.О.АЙТБЕНБЕТОВ

### Назарда кәсіби мемлекеттік аппарат

Елімізде егемендік таңы атқан күннен жаңа «тәуелсіз ел» мәртебесімен бірге мемлекетімізге біршама үлкен жауапкершіліктер артылды. Жауапкершіліктің маңыздысы мемлекетті дағдарыстан аман алып шығу, одан кейін оны өркендету еді. Өркендеуге қол жеткізуге тұтас халық болып ат салысылды десек, бұл тұста мемлекеттік аппаратты кәсібилендіруге үнемі көңіл бөлінуі де өзінің зор үлесін тигізгендігіне тоқталмай кете алмаймыз.

2015 жылы қабылданған «Ұлт жоспары –100 нақты қадамның» алғашқы он бес қадамы кәсіби мемлекеттік аппарат құруға қол жеткізуге көзделгендігі баршаға мәлім.

Өз кезегінде, осы көзделген мақсатқа қол жеткізуге ұжымдағы моральдық-психологиялық ахуалдың жай-күйі өз есерін тигізіп қана қоймай, сонымен қатар қызметшілердің жұмысқа деген құлшынысы мен көзқарасын және еңбек жағдайына қанағаттандырушылығын көрсететіні сөзсіз. Сондықтан, ұжымның көңіл-күйі мемлекеттік аппараттың тиімді және сапалы жұмыс жасауына ықпал ететін факторлардың бірі болып саналады.

Кәсіби мемлекеттік аппарат құруға бағытталған қадамның бірін орындау үшін Мемлекеттік қызметшілерінің жаңа әдеп кодексі қабылданған болатын. Әдеп кодексіне сәйкес басшылар қарамағындағы қызметшілермен қарым-қатынас кезінде еңбекті, денсаулықты қорғауға, тиімді

қызмет ету үшін қауіпсіз және қажетті жағдайларды жасауға, сондай-ақ қызметшілердің ар-намысы мен қадір-қасиетін кемсітушіліктің және қол сұғушылықтың кез-келген нысандарын болдырмайтын қолайлы моральдық-психологиялық ахуалды қалыптастыруға бағытталған шараларды қабылдауға міндетті.

Осыған орай, ұжымда қолайлы ахуал орнату үшін басшылар бірінші кезекте қызметшілерге жұмыс жасау үшін қажетті жағдайларды жасаулары қажет (орттехникалармен қамтамасыз ету, қызметшілер арасында міндеттерді дұрыс бөлу, қызметшілерді жұмыстан тыс уақытта жұмысқа тартпау және т.б.).

Сонымен қатар, бірінші басшылардың мінез-құлпы, жүріс-тұрысы және жеке қасиеттері де нағыз мемлекеттік қызметшінің деңгейінде болуы тиіс. Себебі, басыңға байланысты ұжымда қолайлы және жемісті моральдық-психологиялық ахуал орын алуы да немесе ұжымда жанжал алаңның орнатуы да әбден мүмкін.

Бұдан бөлек, басшының бақылауында болуы тиіс дүние, ол басқа мемлекеттік қызметшілердің әрекеттері немесе әрекетсіздігі болып табылады. Бұл ретте, басшылар тұрақты түрде ұжымның жағдайын бақылап, аппараттың тиімді жұмыс жасауына кері есерін тигізетін фактілерді уақытында анықтап, оларды жою үшін тиісті

шаралар қабылдап отыруы тиіс.

Сонымен қатар, басшылар үнемі ашық болуы, бағынысты қызметкерлермен тікелей байланыста болуы және олардың пікірлерін, ойларын және ұсыныстарын тыңдай біліп, жұмысқа деген ынталандыру құралдарын қолдануы қажет.

Жылдан жылға қызметтік әдеп нормаларын бұзу фактілер азайып келе жатқандығына қарамастан, кейбір мемлекеттік органдар басшыларының қызметтік әдеп нормаларын бұзу фактілері әлі де болса орын алып жатады. Тағы бір атап өтетін жайт, ол мемлекеттік орган басшысының әрекетіне қатысты ұжымдық арыздардың түсуі, әрине ол да ұжымда қолайлы моральдық-психологиялық ахуал қалыптаспағанының бір айғағы болып табылады.

Ұжымдағы моральдық-психологиялық ахуалдың жай-күйін анықтау үшін жергілікті атқарушы органдарының мемлекеттік қызметшілерінің арасында жүргізілген сауалнамаға сәйкес 2021 жылы 86% қатысушы ұжымдағы моральдық-психологиялық ахуал ұнайтынын, 2% ұнамайтынын және 12% әрқашан ұнамайтындығын көрсеткен. Бұл көрсеткіш 2020 жылмен салыстырғанда сәл де болса жақсарып отыр (2020 жылы 84% ұнайтынын, 3% ұнамайтынын, 3% әрқашан ұнамайтындығын көрсеткен).

Осыған байланысты, ұжымдағы мораль-

дық психологиялық ахуалды жақсарту үшін Әдеп жөніндегі кеңестің шешімі негізінде бірінші басшылардың жеке жұмыс жоспарларына аталған көрсеткіш енгізілген және жылдың қорытындысы бойынша аталған көрсеткіштің орындалуы бағаланатын болады.

Бұдан бөлек, мемлекеттік органдардағы әдеп жөніндегі уәкілдер де өздеріне жүктелген функцияларын іске асыру барысында ұжымның көңіл-күйіне басты назар аударулары қажет.

Мемлекетке қызмет етуге келген әр азамат өзіне артылған жауапкершілікті толықтай сезініп білуі қажет. Жай ғана сезініп қоймай, өзінің бар білімін, тәжірибесі мен күш-жігерін жұмсағаны абзал. Қоғам мемлекеттік қызметшілердің Отанына адал қызмет етуін және оның моральдық-әдептілік бейнесіне жоғары талаптар қоятын ұмытпаған жөн.

Осыған орай, кәсіби мемлекеттік аппарат құру үшін ұжымда қолайлы моральдық-психологиялық ахуал орнатуға бәріміз ат салысайық.

**Бахтияр Мағзұмұлы Макеев,  
Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаменті Мемлекеттік қызмет саласындағы бақылау басқармасының бас маманы**

## ЖАЗҒЫ ДЕМАЛЫС КЕЗЕҢІНДЕ СТУДЕНТТЕР МЕН ЖОҒАРЫ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН УАҚЫТША ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ

Қазақстан Республикасының «Халықты жұмыспен қамту» Заңына сәйкес, жазғы демалыс кезеңінде студенттер және жалпы білім беретін мектептердің жоғары сынып оқушылары жұмыспен қамтуға жәрдем-десудің белсенді шараларына қатысу үшін Халықты жұмыспен қамту орталығына тіркеле алады.

Қоғамдық жұмыстарға қатысқысы келетін он алтыдан он сегіз жасқа дейінгі



студент немесе орта мектеп оқушысы өтінішке қоса ата-аналарының біреуінің немесе заңды өкілдерінің жазбаша келісімін ұсынады.

2021 жылдың 01 маусымдағы жағдайына сәйкес «Приозерск қаласы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағ-

### Балаларға қамқорлық

дарламасы аясында, жазғы демалыс кезеңінде 16-18 жас аралағындағы студенттер және жалпы білім беретін мектептердің жоғары сынып оқушылары қатарынан 12 адам жүгінді. Оның ішінде 9 студент және жалпы білім беретін мектептердің 2 жоғары сынып оқушылары 3 айлық қоғамдық жұмысқа жолданды.

**М. Акимова,  
Жастарды жұмысқа орналастыру бойынша іс-шаралар Жұмыспен қамту орталығының сектор меңгерушісі**



## ӘЛЕУМЕТТІК ИНФРАҚҰРЫЛЫМ НЫСАНЫН ТҮГЕНДЕУ (ПАСПОРТТАУ) ЖӘНЕ БЕЙІМДЕУ БОЙЫНША АҚПАРАТ

2012-2019 жылдарға жоспар-кестеге сәйкес, Приозерск қаласында 51 әлеуметтік инфрақұрылым нысанына түгендеу (паспорттау) өткізілді. Бұл нысандар 100% интерактивті қол жетімділік картасына енгізілді.

51 паспортталып, бейімделген, яғни бұл оның 100% -ды құрайды. Приозерск қаласында 243 мүмкіндігі шектеулі адам тұрады, оның 35 мүгедек балалар.

Мүмкіндігі шектеулі жандар үшін кедергісіз орта құру бойынша 2021-2025 жылдарға арналған жоспар - кестеге сәйкес 16 әлеуметтік инфрақұрылым нысанына түгендеу (паспорттау) жоспарланды.

Бүгінгі таңда бұл жұмыс жоспардан тыс жалғасуда және қаламыздың жеке кәсіпкерлеріне қарасты дүкенінде мүмкіндігі шектеулі азаматтар үшін қол жетімділікті қамтамасыз ету бойынша жөндеу жұмыстары жүргізілуде, қазіргі таңда пандус орналастырылған.

Сонымен қатар, қаламыздың жеке кәсіпкерлеріне қарасты дүкендерінде ҚНЖЕ-не (құрылыс нормалары және ережелеріне) сәйкес негізгі кіреберіс аймағын, тұтқа, баспалдақ, маманды шақыруға арналған қоңырау тетігі және мүгедектерге арналған қоңырау белгісін орнату жұмыстары жоспар-

лануда.

Приозерск қаласы бойынша инфрақұрылым объектілеріне мүмкіндігі шектеулі тұлғалардың қол жетімділігін қамтамасыз ету бойынша Жол картасын орындау мақсатында, әлеуметтік нысандарды паспорттау бойынша жұмыс тобымен мүмкіндігі шектеулі тұлғаларға қол жетімділікке жағдай жасау мәселелері бойынша мекемелер, органдар, шағын және орта бизнес ұйымдары басшыларымен жеке кездесулер өткізілді.

Сондай-ақ, паспорттаудан өткен мәдениет, спорт, денсаулық сақтау, білім беру, шағын және орта бизнес нысандарында қол жетімділікті қамтамасыз ету жұмыстары жалғасуда.

Приозерск қаласы бойынша мүмкіндігі шектеулі жандар үшін кедергісіз ортаны құру мақсатында тексеру жұмыстары жалғасуда.

### Қала кәсіпкерлерінің назарына!

«Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Заңы негізінде, тиісті объектілерде мүгедектер үшін қажетті жағдайларды қамтамасыз етпеу, әкімшілік жауаптылыққа тартуға әкеп соғатындығын қаперлеріңізге саламыз:

1.Қазақстан Республикасының мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы заңнамасын:

### Маманның кеңесі

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӨСІМДІКТЕРДІ ҚОРҒАУ ТУРАЛЫ ЗАҢЫ

Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 3 шілдедегі N 331 Өсімдіктерді қорғау туралы Заңы 5 тараудан 21 баптан тұрады.

### 2-бап. Қазақстан Республикасының өсімдіктерді қорғау туралы заңдары.

1.Қазақстан Республикасының өсімдіктерді қорғау туралы заңдары Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және осы Заң мен Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актерлерінен тұрады.

2.Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шартта осы Заңдағыдан өзгеше ережелер белгіленсе, халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

### 19-бап. Пестицидтердің сақталуын, өткізілуін және қолданылуын бақылау

1.Пестицидтердің сақталуын, өткізілуін және қолданылуын бақылау пестицидтерді сақтау, өткізу және қолдану жағдайларының өсімдіктерді қорғау құралдарының (пестицидтердің) қауіпсіздігі туралы техникалық регламенттің, сондай-ақ пестицидтер тізімінде көрсетілген пестицидтерді қолдану регламенттерінің міндетті талаптарына сәйкестігі тұрғысынан жүзеге асырылады. Өсімдіктерді қорғау құралдарының (пестицидтердің) қауіпсіздігі туралы техникалық регламенттің міндетті талаптарына сәйкестікті айқындау үшін үлгілер іріктеп алынады.

2.Пестицидтердің сақталуын, өткізілуін және қолданылуын бақылау жылына екі реттен аспайтын мерзімділікпен және ұзақтығы бес.

### 19-7-бап. Пестицидтерді қолдану кезіндегі қауіпсіздік талаптары

1.Пестицидтерді қолдану Қазақстан Республикасының аумағында қолдануға рұқсат етілген пестицидтер тізімінде белгіленген тиімді және қауіпсіз қолдану технологияларын сақтай отырып жүзеге асырылады.

2.Пестицидтерді техникалық регламенттердің талаптарын бұза отырып қолдануға тыйым салынады.

3.Пайдаланылмаған пестицидтерді уақытша сақтауға арнайы арналған орындардан басқа жұмыс орындарында қалдыруға тыйым салынады.

### 19-9-бап. Пестицидтерді сақтау кезіндегі қауіпсіздік талаптары

1.Пестицидтерді сақтау осы үшін арнайы арналған, құрылыс нормалары мен ережелерінің талаптарына, экологиялық талаптарға, санитариялық ережелер мен гигиеналық нормативтерге сай келетін арнайы қоймалық үй-жайларда жүзеге асырылуға тиіс.

2.Қоймалар үрлейтін және тартатын желдеткіштерімен жабдықталады. Тартатын желдеткіш құрғақ сүзгіш элементтермен жабдықталады.

3.Пестицидтерді қоймада сақтауға үй-жайды санитарлық-эпидемиологиялық және өрт қызметінің органдары зерттеп болғаннан кейін пестицидтерді алу және сақтау құқығына санитарлық паспорт жасалғаннан кейін ғана жол беріледі.

4.Сақталынатын пестицидтердің мөлшері қойманың жобалық құжаттамасында көзделген қойма сыйымдылығынан аспауға тиіс.

5.Пестицидтерді сақтау шарттары мен тәртібіне қойылатын талаптар әзірлеуді, сондай-ақ аталған талаптардың сақталуын бақылауды мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық бақылау органдары жүзеге асырады.

### 19-10-бап. Пестицидтерді тасымалдау кезіндегі қауіпсіздік талаптары.

**К.Р. Кадирова,**  
**«ҚР АШМ АӨК МИК Приозерск қалалық аумақтық инспекциясы» ММ бас маман - өсімдіктерді қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторының м.а.**

1)мүгедектердің әлеуметтік және көлік инфрақұрылымы объектілеріне қол жеткізуін қамтамасыз етпеу;

2)мүгедектердің мәдени ойын-сауық іс-



шараларына қол жеткізуі үшін жағдайларды қамтамасыз етпеу;

3)жұмыс берушінің кінәсінен жұмыста мертігуге ұшыраған және (немесе) кәсіптік ауруға шалдыққан мүгедектерді кәсіптік

### Қала тұрғындарының

### назарына

оңалту саласындағы міндеттерді жұмыс берушінің сақтамауы түрінде жасалған бұзушылық:

- лауазымды адамдарға – 50 АЕК (145 850 теңге), шағын кәсіпкерлік субъектілеріне – 120 АЕК (350 040 теңге), орта кәсіпкерлік субъектілеріне – 200 АЕК (583 400 теңге), ірі кәсіпкерлік субъектілеріне 400 АЕК (1 166 800 теңге) мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2.Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекет (әрекетсіздік) лауазымды адамдарға – 80 АЕК, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне – 150 АЕК, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – 250 АЕК, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне 600 АЕК мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3.Мүгедектерді оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес мүгедектерді әлеуметтік оңалту түрлерімен қамтамасыз етпеу – лауазымды адамдарға 20 АЕК мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ф.Жамбылбаева,**

**«Приозерск қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ**

### Балаларды қорғау күніне арналды

## БАЛАНЫҢ БАҚЫТЫ БІЗДІҢ ҚОЛЫМЫЗДА

1-маусым - 1949 жылдан бастап Балаларды қорғаудың халықаралық күні болып аталып келеді. Осы күні 44841 әскери бөлімінде «Баланың бақыты біздің қолымызда» тақырыбында мереке ұйымдастырылды. Бұл күні балалардың өмірін, құқығын, денсаулығын қорғау, оларға қамқорлық жасау дәріптеледі.

қаны үшін балаларды грамоталармен марапаттады.

ҚР ҚК ҚМ Әділқазы алқасының шешімімен «Біз батырлардың ерлігін мәңгі есте сақтаймыз» аталымында екінші орынға Нұрсұлтан Төреханұлы (әкесі әскери зейнеткерм Т.Наушаруанов) және үшінші орынға Рамазан Жаңабай (анасы қатардағы А.Оңал-



Әскери қызметшілердің балалары спорттық сайысқа түсіп, "Асфальтағы суреттер" сайысы бойынша шығармашылық жұмыстар ұйымдастырылды. Олар керемет физикалық қасиеттерді, спорттық рухты және жақсы нәтижелерге қол жеткізуге деген ұмтылысын көрсетті. Осындай спорттық жарыстар командалық рух пен жеңіске деген ұмтылысты тәрбиелеуге мүмкіндік береді.

Әкелік сезімін білдіріп, ойларымен бөлісетін, ақыл-кеңесін беретін 44841 әскери бөлімінің командирі подполковник Умитали Серикович Бектаев балаларды қорғаудың халықаралық күнімен құттықтады және ҚР ҚК әскери қызметшілердің балалары арасында өткен «Отан отбасынан басталады» атты сурет салу байқауына белсенді қатыс-

баева) қол жеткізді. Спорттық сайысына және сурет салу өнеріне белсенді қатысқаны үшін балаларға грамоталар табысталды.

Азаматтық персоналы М.Мырзахметова, Б.Асқарова және әскери бөлімнің әйел әскери қызметшілері кіші сержант Б.Қыстаубаева, кіші сержант М.Сайып, ефрейтор З.Бейсекеева, қатардағы А.Оңалбаева балалармен балаша жүгіріп, ойнатып мерекені ұйымдастырды. Болашақ ұрпақ ерқашан бейбітшілікте өмір сүруіне және елін, жерін қорғайтын азаматтар болып өсуіне тілек-теспіз!

**А.Оспанова,**

**Қарағанды облысы Приозерск қаласы 44841 әскери бөлімі**

Собственник: ИП Струментов А.В.

Газета «Приозерский вестник» зарегистрирована в Министерстве связи и информации Республики Казахстан 15.03.2004 г. №4843-Г. Свидетельство о переучете ППИ № 17414-Г от 24.12.2018 г.

Адрес редакции: 101100 г.Приозерск, ул.Космонавтов, д.5, 106-107 Справки по тел. +7-705-981-86-79 (Гл. редактор), +7-702-604-02-60 (тех. редактор)

E-mail: prz\_westnik@mail.ru Веб-сайт: www.prz\_westnik.kz

Газета отпечатана в ТОО «Арко» г. Караганда, ул.Сатпаева 15, Заказ № 23/719. Тираж: 500 экз., объем-1 п.л., формат - А2, 4 стр.

Главный редактор: Кенжебеков Б.А.

Технический редактор: Струментов А.В.

Для подачи частных объявлений и рекламы обращаться по тел: +7-705-466-60-63

Корреспонденция принимается на электронный адрес: prz\_westnik@mail.ru

Письма, рукописи, фотографии и рисунки не рецензируются и не возвращаются. Ответственность за точность приведенных фактов, статистических данных, собственных имен, географических названий и других данных несут авторы публикаций. Редакция не несет ответственности за содержание рекламных объявлений. Мнение авторов может не совпадать с мнением редакции. Перепечатка материалов без согласия редакции запрещена.

Газета распространяется в местах продажи газет и журналов (киоски печати, магазины, рынки), в редакции и частными распространителями в г.Приозерске и г.Караганда, а также по подписке во всех городах и районах области.

Подписной индекс - 65041